| iv   | Условия поставки (Incoterms);                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       | Жеткізу талаптары (Incoterms);                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | Terms of delivery (Incoterms);                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
| v    | Цена за единицу;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | Бір бірлігі үшін бағасы;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | Unit price;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
| vi   | Общая стоимость Товаров;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            | Тауардың жалпы құны;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        | Total value of the Goods;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
| vii  | Транспортные расходы (для условий поставки, которые включают транспортные расходы); и                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               | Көлік шығындары (көлік шығындарын қамтитын жеткіз талаптары үшін); және                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     | Transportation cost (for terms of delivery which include transportation costs); and                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
| viii | Итоговая стоимость в Коммерческом Инвойсе.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          | Коммерциялық инвойстағы қорытынды сомасы.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   | Total Commercial Invoice value.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
| 10.7 | Приведенная выше информация может быть разделена между Коммерческим Инвойсом и упаковочным листом. Если Товары отправляются на поддонах, количество поддонов и описание товаров, уложенных на них, должны быть указаны в Коммерческом Инвойсе и/или упаковочном листе.                                                                                                                                                                                                                                              | Жоғарыда көрсетілген ақпарат Коммерциялық инвойс пен буып-түю парағының арасында бөлінуі мүмкін. Егер Тауарлар табандықтарға салынып жіберілсе, табандықтар саны мен оларға салынған тауарлардың сипаттамасы Коммерциялық инвойста және/немесе буып-түю парағында көрсетілуі тиіс.                                                                                                                                                                                                          | The above information can be divided between Commercial Invoice and packing list. If Goods are sent on pallets, the quantity of pallets and description of goods laid on them shall be indicated within Commercial Invoice and/or packing list.                                                                                                                                                                             |
| 10.8 | Предоставление чертежей, данных, информации и руководств по эксплуатации (если применимо):                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          | Сызбаларды, деректерді, ақпаратты және пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарды ұсыну (егер бар болса):                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | Supply of drawings, data information and manuals (if applicable):                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
| a)   | Поставщик должен предоставить Покупателю все инженерные и другие данные (включая все технические данные), требуемые Договором Поставки для надлежащей(го) эксплуатации/использования, технического обслуживания, монтажа Товаров, в течение срока, указанного в Деталиях Заказа, а также должен незамедлительно предоставить Покупателю копию каждого обновления любых ранее предоставленных данных, которые Поставщик предоставляет любому из своих клиентов.                                                      | Жеткізуші Сатып алушыға Тапсырыс деректерінде көрсетілген мерзім ішінде Тауарларды дұрыс пайдалану/қолдану, техникалық қызмет көрсету, монтаждау үшін Жеткізу шартында талап етілетін барлық инженерлік және басқа деректерді (барлық техникалық деректерді қоса алғанда) ұсынуы тиіс, сондай-ақ Сатып алушыға Жеткізуші өз клиенттерінің кез келгеніне ұсынатын бұрын берілген кез келген деректердің әрбір жаңартылған көшірмесін дереу ұсынуы тиіс.                                      | The Supplier must furnish to the Buyer all engineering and other data (including all technical data) required by the Purchase Order for the satisfactory use, maintenance, installation or operation of the Goods and within the time stated in the Order Details and must promptly furnish to the Buyer a copy of each update of any data previously furnished which the Supplier furnishes to any of its customers.       |
| b)   | Подробные чертежи и другие документы, указанные в Требованиях к Чертежам и Данным Поставщика (VDDR), предоставляются в соответствии с Приложением-инструкцией 2. Если в Деталиях Заказа (или Приложениях не указано иное, Согласованная(ые) дата(ы) Доставки VDDR должны совпадать с Согласованными датами Доставки Товаров.                                                                                                                                                                                        | Жеткізушінің Сызбалары мен Деректеріне (VDDR) қойылатын талаптарда көрсетілген егжей-тегжейлі сызбалар мен басқа да құжаттар 2-қосымша-нұсқаулыққа сәйкес ұсынылады. Егер Тапсырыс деректерінде немесе Қосымшаларда басқасы көрсетілмесе, VDDR Жеткізудің келісілген күні (күндері) Тауарларды Жеткізудің келісілген күндеріне сәйкес келуі тиіс.                                                                                                                                           | Detail drawings and other documents identified in the Vendor Drawings and Data Requirements (VDDR) shall be submitted in accordance with Exhibit 2. Unless stated otherwise in the Order Details or the Attachments, the Agreed Date(s) for Delivery of the VDDR shall be the same as the Agreed Date(s) for Delivery of the Goods.                                                                                         |
| c)   | Рассмотрение чертежей и других документов и их последующее утверждение Покупателем или Представителем Покупателя не освобождает Поставщика от ответственности за точность габаритных размеров, производительность, дизайн, деталей дизайна, соответствие спецификациям и всем другим требованиям Договора Поставки. При любой неточности в данных производителя, которая приведет к тому, что Покупателю понадобится выполнить какие-либо дополнительные работы, стоимость таких работ будет взыскана с Поставщика. | Сатып алушының немесе Сатып алушы өкілінің сызбалар мен басқа құжаттарды қарауы және оларды кейіннен бекітуі Жеткізушіні жалпы өлшемдердің дәлдігі, өнімділігі, дизайны, дизайн бөлшектері, техникалық сипаттамаларға және Жеткізу шартының барлық басқа талаптарына сәйкестігі үшін жауапкершіліктен босатпайды. Өндірушінің деректерінде кез-келген дәлсіздік болған жағдайда Сатып алушыға қосымша жұмыстарды орындау қажет болады, мұндай жұмыстардың құны Жеткізушіден өтеліп алынады. | Review of drawings and other documents and their subsequent approval by the Buyer or the Buyer's Representative does not relieve the Supplier of the responsibility for accuracy of dimension, performance, design, design details, conformance to the specifications and all other requirements of the Purchase Order. Any inaccuracy in the vendor data that causes the Buyer extra work will be charged to the Supplier. |

## 11 ПРАВО СОБСТВЕННОСТИ И РИСК СЛУЧАЙНОЙ ГИБЕЛИ ИЛИ СЛУЧАЙНОГО ПОВРЕЖДЕНИЯ ТОВАРОВ / МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ ЖӘНЕ ТАУАРДЫ КЕЗДЕЙСОҚ ЖОЙЫП АЛУ НЕМЕСЕ ЗАҚЫМДАП АЛУ ТӘУЕКЕЛІ / TITLE AND RISK OF ACCIDENTAL LOSS OR DAMAGE TO THE GOODS

|      |                                                                                                                    |                                                                                                              |                                                                                      |
|------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------|
| 11.1 | Передача права собственности от Поставщика Покупателю на все Товары наступает на наиболее раннюю из следующих дат: | Барлық тауарларға меншік құқығын Жеткізушіден Сатып алушыға беру келесі күндердің алғашқы күнінен басталады: | Passage of title from the Supplier to the Buyer on the Goods will be the earlier of: |
| a)   | Передача владения; или                                                                                             | Иелену құқығын беру; немесе                                                                                  | Transfer of custody; or                                                              |

|      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
|------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| b)   | оплата Суммы (за вычетом удержания, разрешенного в соответствии со Статьями 6, 8 и 13.2), при том что Передача владения означает только физическое владение Товарами.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | Соманы төлеу (6, 8 және 13.2-баптарға сәйкес рұқсат етілген ұстап қалуды шегергенде), бұл ретте Иелену құқығын беру Тауарларды тек жеке иеленуді білдіреді.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | payment of the Price (less any retention permitted pursuant to Articles 6, 8 and 13.2), whereby Transfer of Custody denotes only a physical custody of the Goods.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
| 11.2 | Настоящая Статья так же применима к Поставкам Частями и /или к частичной оплате Суммы за часть Товаров.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  | Осы Бап сонымен бірге Бөліп жеткізуге және/ немесе Тауардың бір бөлігі үшін Соманы ішінара төлеуге де қолданылады.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  | This Article also applies to Partial Deliveries and/or to partial payment of Price for a part of the Goods.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |
| 11.3 | Поставщик обязан незамедлительно возместить за свой счет любые убытки или ущерб, каким бы образом они ни были причинены Товарам, до того, как риск случайной гибели или случайного повреждения перейдет к Покупателю в соответствии с Условиями Поставки. Риск случайной гибели или случайного повреждения по каждой позиции Поставки переходит к Покупателю в дату Передачи Владения. До момента перехода риска случайной гибели или риска случайного повреждения Товаров от Поставщика к Покупателю, Поставщик обязан за свой счет застраховать Товары на стоимость их полного восстановления и по требованию Покупателя предоставить ему соответствующий действующий страховой полис. | Жеткізуші кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ зақымдану қаупі Жеткізу талаптарына сәйкес Сатып алушыға өткенге дейін Тауарларға қандай да бір жолмен келтірілген кез келген залалды немесе зақымдануды дереу өз есебінен өтеуге міндетті. Өрбір Жеткізу позициясы бойынша кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ зақымдану қаупі Сатып алушыға Меншік құқығын берген күні өтеді. Тауарлардың кездейсоқ жойылу қаупі немесе кездейсоқ зақымдану қаупі Жеткізушіден Сатып алушыға ауысқанға дейін Жеткізуші өз есебінен тауарларды толық қалпына келтіру құнына сақтандыруға және Сатып алушының талабы бойынша оған тиісті қолданыстағы сақтандыру полисін беруге міндетті. | The Supplier shall promptly make good at its cost any loss or damage, howsoever caused, to the Goods before the risk of loss therein has passed to the Buyer in accordance with the Delivery Terms. Risk of loss in each item of the Goods shall pass to the Buyer on the date of Transfer of Custody. The Supplier shall, at its own cost, insure the Goods for their full replacement value while they are at its risk and shall provide the Buyer with a certificate confirming the validity of the relevant insurance policy on request.      |
| 11.4 | Если Поставщик устраняет дефекты в Товарах на Рабочей Площадке или увозит их с Рабочей Площадки для устранения дефектов, то риск случайной гибели или риска случайного повреждения по таким Товарам переходит к Поставщику, когда начинается работа по устранению дефектов или физическое владение Товарами переходит Поставщику, в зависимости от того, что происходит раньше, до тех пор, пока устранение дефектов на Рабочей Площадке не будет завершено или Товары не будут возвращены и безопасно переустановлены, в зависимости от применимости, после чего риск случайной гибели или риска случайного повреждения снова перейдет к Покупателю.                                    | Егер Жеткізуші Тауарлардағы ақауларды Жұмыс алаңында жойса немесе ақауларды жою үшін оларды Жұмыс алаңынан алып кететін болса, онда мұндай Тауарлар бойынша кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ зақымдану қаупі ақауларды жою бойынша жұмыс басталған кезде Жеткізушіге өтеді немесе Жұмыс алаңындағы ақауларды жою аяқталғанға дейін немесе Тауарлар қайтарылып, қауіпсіз қайта орнатылғанға дейін Тауарларға физикалық иелік ету Жеткізушіге өтеді, содан кейін олардың қолданылатынына байланысты кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ зақымдану қаупі Сатып алушыға қайта өтетін болады.                                                                             | If the Supplier rectifies the Goods at the Site, or removes them from the Site for rectification, the risk of accidental loss or risk of accidental damage in such Goods shall pass to the Supplier when the work of rectification commences or the Supplier takes physical custody of the Goods, whichever is the earlier, until the rectification at Site is complete or the Goods are returned to and are safely reinstalled, as the case may be, whereupon risk of accidental loss or risk of accidental damage will pass again to the Buyer. |

## 12 ПРИЕМКА ПОСТАВКИ / ЖЕТКІЗУДІ ҚАБЫЛДАУ / ACCEPTANCE OF SUPPLY

|      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
|------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 12.1 | Выдача Покупателем или его перевозчиком Сертификата Получения Груза Экспедитором (СПГЭ) или подписание Покупателем Акта доставки Товаров (Передача владения) подтверждает только передачу владения определенным количеством отправленных грузов и доставку/получение Товара в Пункте Поставки и не служит подтверждением того, что Поставка была осуществлена в полном соответствии с Договором Поставки. | Сатып алушының немесе оның тасымалдаушысының Экспедитордың жүкті алу сертификатын (ЭЖАС) беруі немесе Сатып алушының Тауарларды жеткізу актісіне қол қоюы (Иеленуді табыстау) жөнелтілген жүктердің белгілі бір санына иелік етуді және Тауарды Жеткізу пунктінде жеткізуді/алуды ғана растайды және Жеткізілімнің Жеткізу шартына сәйкес толық жүзеге асырылғанын растамайды.                                 | Issue of the Forwarder's Certificate of Receipt (FCR) by the Buyer or its carrier or signing of a Delivery Note by the Buyer (Transfer of custody) only confirms transfer of custody of the quantity of the consignments and delivery/receipt of the Goods at the Delivery Point and does not serve as a confirmation that the Supply was performed in full accordance with the Purchase Order.                                   |
| 12.2 | Приемка Товара по количеству составляет 14 (четырнадцать) календарных дней с даты поставки Товара в Пункт Поставки, в течение которого Покупатель должен отправить Поставщику подтверждение или отчет об излишках/нехватке Товара (Акт несоответствия). Датой приемки Товара считается дата прибытия Товара, указанная в товарной накладной, заверенной печатью склада Покупателя.                        | Саны бойынша Тауарды қабылдау Тауарды Жеткізу пунктінде жеткізген күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күнді құрайды, сол уақыт ішінде Сатып алушы Жеткізушіге Тауардың артық шығуы/жетпей қалуы туралы растауды немесе есепті (Сәйкессіздік актісін) жіберуге тиіс. Сатып алушының қоймасының мөрімен расталған тауар жүкқұжатында көрсетілген Тауардың келген күні Тауарды қабылдау күні болып есептеледі. | Acceptance of the Goods by quantity is 14 (fourteen) calendar days from the date of delivery of the Goods to the Delivery Point, during which the Buyer shall send the Supplier a confirmation or report on the excess / shortage of the Goods (Non-Conformity acts). The date of acceptance of the Goods is the date of arrival of the Goods, indicated in the consignment note, certified by the seal of the Buyer's warehouse. |
| 12.3 | Если какие-либо Товары, поставленные Покупателю, не соответствуют спецификациям, указанным в Статьях 7, 8 и 9 (включая соответствие по полноте, ассортименту, качеству), или                                                                                                                                                                                                                              | Егер Сатып алушыға жеткізілген қандай да бір Тауарлар 7, 8 және 9-баптарда көрсетілген ерекшеліктерге (толықтығы, ассортименті, сапасы бойынша сәйкестікті қоса алғанда) сәйкес келмесе немесе                                                                                                                                                                                                                 | If any Goods delivered to the Buyer do not comply with the specifications indicated in the Articles 7, 8 and 9 (including conformity in completeness, assortment, quality), or are otherwise not in                                                                                                                                                                                                                               |

|      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
|------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|      | иным образом не соответствуют Условиям Договора Поставки (далее – «Товары, не соответствующие требованиям»), то, без ограничения любого другого права или средства защиты, предоставленных Покупателю согласно Договору, Покупатель обязан предоставить Поставщику Уведомление о дефектах, при этом Покупатель вправе:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | Жеткізу шартының талаптарына (бұдан әрі – «Талаптарға сәйкес келмейтін тауарлар») басқаша түрде сәйкес келмесе, онда Шартқа сәйкес Сатып алушыға берілген кез келген басқа құқық немесе қорғау құралдарын шектеместен, Сатып алушы Жеткізушіге Ақаулар туралы хабарлама беруге міндетті, бұл ретте Сатып алушы төмендегілерге құқылы:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | conformity with the Terms of the Purchase Order («the Non-conforming Goods»), then, without limiting any other right or remedy that the Buyer may have under the Purchase Order, the Buyer shall provide to the Supplier a Notice of defects and the Buyer is entitled to:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
| a)   | отказаться от таких Товаров и потребовать от Поставщика отремонтировать или заменить неприятые Товары за счет Поставщика в течение 5 (пяти) Рабочих Дней после получения соответствующего Уведомления Покупателя или в течение другого периода времени, согласованного Сторонами в письменном виде. В таком случае Поставщик обязан предпринять самые быстрые меры (включая, без ограничений, изъятие, вывоз, упаковку, транспортировку в обе стороны и повторную установку) для устранения дефектов или недостатков; или                                                                                                                                                                                                                                 | Сатып алушының тиісті Хабарламасын алғаннан кейін 5 (бес) Жұмыс күні ішінде немесе Тараптар жазбаша түрде келіскен басқа уақыт кезеңі ішінде мұндай Тауарлардан бас тартуына және Жеткізушінің есебінен Жеткізушіден қабылданбаған тауарларды жөндеуін немесе ауыстыруын талап етуіне болады. Мұндай жағдайда Жеткізуші ақауларды немесе кемшіліктерді жою үшін шұғыл шараларды (қайтарып алуды, әкетуді, буып-түюді, екі жаққа тасымалдауды және қайта орнатуды қоса алғанда) қолдануға міндетті; немесе                                                                                                                                                                                                                                                                                       | reject those Goods and require the Supplier to repair or replace the rejected Goods at the Supplier's risk and expense within 5 (five) Business Days of being requested to do so or within a different timeframe agreed to by the Parties in writing. In such case, the Supplier is obliged to undertake the fastest possible measures (including without limitation removal, packing, inbound and outbound transportation and reinstallation) to correct defects or deficiencies; or                                                                                                                                                                                                                                                                           |
| b)   | отказаться от таких Товаров и потребовать от Поставщика возмещения стоимости неприятых Товаров в полном объеме (независимо от того, требовал ли ранее Покупатель от Поставщика ремонт или замену неприятых Товаров) и забор неприятного Товара с Рабочей Площадки до указанной даты. Дополнительно, в таком случае, Покупатель вправе выставить Поставщику счёт по затратам i) за ответственное хранение Товара с даты Уведомления о дефектах и до даты забора Товара Поставщиком из расчета 1,00 (один) доллар США за один квадратный метр с учётом НДС в сутки, и, ii) после указанной Покупателем даты, за обратную доставку или утилизацию Товара, организованную Покупателем (включая за применимые таможенные и налоговые расходы и платежи); и/или | мұндай тауарлардан бас тартуға және Жеткізушіден қабылданбаған Тауарлардың құнын толық көлемде өтеуді (Сатып алушы бұрын Жеткізушіден қабылданбаған Тауарларды жөндеуді немесе ауыстыруды талап еткеніне қарамастан) және қабылданбаған тауарды жұмыс алаңынан көрсетілген күнге дейін алуды талап етуге құқылы. Қосымша, мұндай жағдайда, Сатып алушы Жеткізушіге шығындар бойынша шот ұсынуға құқылы: i) ақаулар туралы хабарланған күннен бастап және Жеткізуші Тауарды алған күнге дейін ҚҚС-ны ескере отырып, тәулігіне бір шаршы метр үшін 1,00 (бір) АҚШ доллары есебінен және, ii) Сатып алушы көрсеткен күннен кейін, Сатып алушы ұйымдастырған Тауарды кері жеткізу немесе кәдеге жарату үшін (қолданылатын кедендік және салықтық шығыстар мен төлемдерді қоса алғанда); және/немесе | reject those Goods and require the Supplier to repay the price of the rejected Goods in full (whether or not the Buyer has previously required the Supplier to repair or replace the rejected Goods) and to collect the rejected Goods from Site by a specified date. In addition, in such case, the Buyer is entitled to invoice the Supplier for the costs of (i) the custody of the Goods from the date of the Notice of defects to the date of collection of the Goods by the Supplier at the rate of USD 1.00 (one) per square meter per day, inclusive of VAT, and (ii) after the date specified by the Buyer, for return delivery or disposal of the Goods arranged by the Buyer (including for applicable customs and tax expenses and charges); and/or |
| c)   | с учетом Статьи 23, воспользоваться средствами правовой защиты в отношении Поставщика согласно Статье 13.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 | 23-бапты ескере отырып, 13-бапқа сәйкес Жеткізушіге қатысты құқықтық қорғау құралдарын пайдалануына болады.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     | subject to Article 23, claim remedies from the Supplier in accordance with Article 13.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
| 12.4 | В случае, если какие-либо скрытые дефекты обнаружены в процессе использования Товаров, которые не были обнаружены Сторонами в ходе приемки, Покупатель самостоятельно составляет соответствующий Отчет о скрытых дефектах и согласует с Поставщиком сроки и метод устранения таких скрытых дефектов. Любые дефекты Товаров должны быть устранены силами и за счет Поставщика. Если Поставщик не исправляет скрытый дефект в согласованный период времени и/или к удовлетворению Покупателя, Покупатель имеет право на средства правовой защиты в отношении Поставщика согласно Статье 13.                                                                                                                                                                 | Егер қабылдау барысында Тараптар анықтай алмаған және Тауарларды пайдалану процесінде қандай да бір жасырын ақаулар анықталған жағдайда, Сатып алушы Жасырын ақаулар туралы тиісті есепті өз бетінше жасайды және Жеткізушімен осындай жасырын ақауларды жою мерзімдері мен әдісін келіседі. Тауарлардың кез келген ақаулары Жеткізушінің күшімен және есебінен жойылуы тиіс. Егер Жеткізуші келісілген уақыт кезеңінде жасырын ақауды түзетпесе және/немесе Сатып алушыны қанағаттандырмаса, Сатып алушы 13-бапқа сәйкес Жеткізушіге қатысты құқықтық қорғау құралдарына құқылы болады.                                                                                                                                                                                                        | In the event any latent defects are found during use of the Goods, which have not been detected by the Parties in the course of acceptance, the Buyer shall draw up a corresponding Latent Defects Report and agree the time frames and remedy for elimination of latent defects with the Supplier. All and every defect of the Goods shall be eliminated using the Supplier's resources and at the Supplier's cost. If the Supplier fails to correct the latent defect in the agreed time period and/or to the satisfaction of the Buyer, the Buyer shall have the right to remedies from the Supplier in accordance with Article 13.                                                                                                                          |
